

Ойтал ауылдық округі Меркі стансасының және Ойтал ауылының көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 49 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 шілдеде № 3913 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Ойтал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойтал ауылдық округі Меркі стансасының және Ойтал ауылының көше атауларын өзгертілсін:

1) Меркі стансасы бойынша:

Красноармейская көшесі Азаттық көшесіне;

Ойтал ауылы бойынша:

1) Революция көшесі Ұлытау көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ойтал ауылдық округі әкімінің орынбасары Г.Оспанбековаға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойтал ауылдық округінің әкімі

М.Онгарбаев